



ҚММУ  
Медициналық  
орталығы

01-нұсқа

**БЕКІТЕМІН**

Клиникалық жұмыс және ҮҚД

бойынша проректор

Б.Н. Кошерова

2016ж.



**ҚММУ Медициналық орталығының  
ЭТИКАЛЫҚ КОДЕКСІ**

Қарағанды  
2016ж.



## I. Кіріспе

Медициналық қызметкердің кәсіби этика кодексі (бұдан әрі - Кодекс) медицина қызметкерінің кәсіби медициналық қызметін көрсетуінде этикалық нормалар мен міндеттердің жиынтығын көрсететін құжат болып табылады.

Осы Кодекс медициналық қызметкерлердің қоғаммен және пациентпен қарым-қатынасын, құқықты, жауапкершілікті және тұлға мен қоғамның денсаулығын айқындайды және ұйымға немесе медициналық қызметкердің мамандығына оң көзқарастың туындауына көмектеседі.

Кодекс ережелері ҚММУ Медициналық орталығының барлық қызметкерлеріне тиесілі.

## II. Ұйымның мақсаты, миссиясы және құндылықтары.

Біздің миссия – жаңа технологиялар негізіндегі сапалы медициналық көмек көрсету.

Біздің мақсат – науқастарды заманауи диагностикалау мен емдеу әдістерін қолдана отырып, қолжетімді мамандандырылған және жоғары дәрежелі медициналық көмек көрсету.

Болашақты болжау: клиникалық жұмысты ғылым, тәжірибе және денсаулық сақтау жүйесінің академиялық жүйесі шеңберінде инновациялар арқылы жүзеге асыратын медициналық орталық.

Біздің құндылықтарымыз:

1. Пациент – әрбір пациентке жеке назар аудару, оған көмек көрсету, науқас проблемасын шешу және мінез ашықтығын таныту.
2. Қауіпсіздік – сырқаттың туындау қаупін төмендету және аурудың өршуін, сырқат салдарынан асқынуларды болдырмау, қолжетімді технологиялар мен медициналық ресурстарды пайдалану тиімділігін есепке ала отырып «зияның тимесін!» қағидасымен тексеру және емдеу.
3. Демократизм – қарым-қатынаста ашық және әділ болу, кәсіби этиканы ұстану.
4. Бірлік – әрбір қызметкерге түсіністікпен қарау және көмектесу. Команданың әрбір мүшесін күшейте отырып, көрсетілетін көмектің жоғары сапасына қол жеткізу.
5. Сапа – ҚММУ МО жаңа технологиялар мен медициналық құралдарды пайдалана отырып, кәсіби көмектің жоғары дәрежесін ұстану.

## III. Медициналық қызметкер және қоғам

- Медициналық қызметкердің кәсіби қызметінің басты мақсаты – әрбір адам мен отбасының денсаулығын сақтау, аурудың алдын алу және



ҚММУ  
Медициналық  
орталығы

01-нұсқа

денсаулықты қалпына келтіру, сондай-ақ, емделмейтін дерттердегі қиындықты азайту. Медициналық қызметкер өз міндеттерін дәрігер антын орындай отырып, гуманизм және жылы жүрекпен, Қазақстан Республикасының заңдарына сай орындайды.

- Медициналық қызметкер өзінде бар ресурстар көлемінде өзінің біліктілігі, лауазымдық нұсқаулықтары және қызметтік міндеттемелеріне сәйкес сапалы және қауіпсіз медициналық көмекті қамтамасыз еткені үшін қоғам мен пациент алдында толық жауапты.

- Медициналық қызметкер ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің рұқсат етілген медицина ғылымдарының соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, әрдайым өзінің кәсіби білігі мен білімін, дағдыларын жетілдіріп отыруы қажет.

- Медициналық қызметкердің жұмысында материалдық, жеке пайданы ойлауы кәсіби шешім қабылдауға әсер етпеуі керек. Дәрігерлер ешқашан өздерінің кәсіби тәуелсіздіктерін жоғалтпауы керек. Медициналық қызметкер дәрілік заттарды өндіруші мен таратушылар есебінен сыйлықтарды сол дәрілік затты ұсынуы үшін қабылдамауы керек, алдау мен жемқорлықты болдырмауы керек.

- Медициналық қызметкер дәрі-дәрмек тағайындағанда, наукасты емдегенде тек қана медициналық көрсеткіштері мен наука мұддесі бойынша ғана әрекет етуі тиіс.

- Медициналық қызметкер кез-келген адамға оның жасына, жынысына, ұлтына, дініне, әлеуметтік жағдайына, саяси қозғарасына, азаматтығына және басқа медициналық емес көрсеткіштеріне, әсіресе, материалдық жағдайына назар аудармай, қажетті медициналық көмек көрсетуі керек.

- Медициналық қызметкер өзі қызмет ететін мекеменің бекітілген міндеттерін адал орындауы керек. Дәрігер басқа дәрігерлердің кәсіби қателіктерін ескере отырып, өз қателіктерін де мойындап осы мәселе бойынша міндетті болуы керек. ГОБМП бойынша дәрігер науқастарға тегін медициналық көмек көрсетеді. Дәрігердің науқастан немесе оның туыскандарынан кез келген заңмен және нормативтік актілерде көрсетілмеген марапаттарды алуына болмайды және бұл қылмыс және адамгершілікке жат әрекет болып табылады.

- Медициналық қызметкер өзіне қолжетімді ақпарат құралдарын пайдалана отырып (газет, журнал, радио, теледидар, сұхбаттар және т.б.), қоғамға салауатты өмір салтын насихаттауы керек және өзі қоғамдық және кәсіби этиканы ұстануда үлгі болуы керек.

- Егер медициналық қызмет дәрежесін төмендетпесе және науқаста зияны тимесе, медициналық қызметкер кәсіби уақытынан бөлек кез келген басқа жұмысты орындай алады.



ҚММУ  
Медициналық  
орталығы

01-нұсқа

- Медициналық қызметкердің меншікті тәжірибеге құқығы заңмен бақыланады.

- Медициналық қызметкердің алдына қойған адами мақсаттар оның жеке басының құқықтарын заңды түрде қорғауды, жеткілікті түрде материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілуін, кәсіби қызметін жүзеге асыру үшін тиімді жағдай жасауды талап етуге негіз болады.

- ҚР заңымен қарастырылған қарсы шығу түрлеріне қатыса отырып, медициналық қызметкер өзінің бақылауында болған науқастарға қажетті медициналық көмек көрсетуден босатпайды.

- Медициналық қызметкердің тікелей басшылығы, бейінді комиссия, кәсіби ассоциация медициналық этиканың сақталуын қатаң бақылайды.

#### IV. Медициналық қызметкер және пациент

- Медициналық қызметкер пациентке көрсетілетін медициналық көмектің сапасына жауап береді. Ол өзінің жұмысында Қазақстан Республикасы заңын, нормативтік құжаттарды (медициналық стандарттар бойынша) басшылыққа алуға міндетті, бірақ бұл алдын ала жоспардың шеңберінде ауру ерекшелігін ескере, науқастың мүддесін басшылыққа ала отырып, алдын алу, диагностика және емдеу тәсілдерінің ең тиімді және нәтижелісін таңдауы керек. Қажетті жағдайда медициналық қызметкер өзінің әріптестерінен көмек сұрауы керек.

- Медициналық қызметкер пациенттің анықталмаған қауіпке ұшырауын болдырмауы керек, әсіресе, өз білімін адамгершіліктен тыс мақсатта пайдаланбауы керек. Кез келген емдеу тәсілін таңдау кезінде медициналық қызметкер «Зияның тимесін!» қағидасын ұстануы қажет.

- Медициналық қызметкер пациент жағдайын нашарлатпау үшін жедел көмек көрсетуден басқа жағдайда, егер пациентпен өзара сенімді қарым-қатынас орнамаса, өзін жеткілікті дәрежеде білікті санамаса немесе емдеу үшін тиісті мүмкіндіктері болмаған жағдайда медициналық қызметкер пациентті емдеуден бас тарта алады. Осындай жағдайда медициналық қызметкер басқармаға хабарлар етуге және науқасқа білікті маманды ұсыну үшін бүкіл шараларды қолдануы керек.

- Медициналық қызметкер науқастың емдейтін дәрігерді, мекемені таңдау құқығын сыйлауы керек және емдеу-алдын алу шараларын қолдану жөнінде шешім қабылдауы тиіс. Науқастың өз еркімен келісуін медициналық қызметкер көп жағдайда пациенттің өзімен жеке сөйлесу кезінде алады. Бұл келісім саналы түрде бекітілуі тиіс, науқасқа емдеу тәсілдері, оның нәтижесі, салдары және басқа да баламалы емдеу түрлері туралы хабарлар етілуі керек. Пациенттің келісімінсіз емдеу-алдын алу шараларын өткізу тек қана



наукастың өміріне қауіп төніп тұрған жағдайда және ол өзі саналы түрде шешім қабылдай алмағанда ғана қолданылады. Осындай жағдайларда алқалық шешім қабылдаған дұрыс. Медициналық қызметкер психикалық аурумен сырқаттанатын тұлғаларға көмек көрсетуде Қазақстан Республикасының психиатриялық көмек көрсету заңын қолдана отырып, және оның құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді. Медициналық қызметкер балаларды емдеу кезінде ата-анасына немесе қамқоршысына толық ақпарат беріп, емдеу тәсіліне және дәрілік заттарды тағайындауға келісімін алуы қажет.

- Медициналық қызметкер пациенттің құқығы мен намысын сыйлауы қажет, оған жылы шырай танытуы керек, оның жеке құпиясын сыйлауы, науқас жағдайына алаңдаулы туған туыстарына түсініспеншілікпен қарауы керек, бірақ кәсіптік себептерсіз пациент пен оның отбасы мүшелерінің жеке өміріне араласуына болмайды.

- Медициналық қызметкердің пациентке өзінің философиялық, діни және саяси көзқарасын насихаттауға құқығы жоқ. Емдеу мен диагностикаға дәрігердің кәсіби емес мотивтері мен жеке түсініктері әсер етпеуі керек.

- Егер пациент өз келісімін саналы түрде бере алмаса, келісімді заңды тұлға немесе пациенттің қорғаушысы беруі керек.

- Пациент өз денсаулығы жайлы толық ақпарат алуға құқылы, бірақ ол одан бас тарта алады немесе өз денсаулығы туралы ақпаратты басқа тұлғаға жеткізуді сұрай алады.

- Егер айтылатын ақпараттың науқасқа зияны тиетін болса, ол пациенттен жасырылуы мүмкін. Бірақ пациенттің айқын талабы бойынша медициналық қызметкер толық ақпаратты беруге міндетті. Егер де науқастың денсаулығы туралы болжам жағымсыз болатын болса, пациентке өмірінің ұзартылуына немесе жақсы мүмкіндіктер бар екенін ескерте отырып, байыппен және жақсылап түсіндірілуі керек.

- Медициналық қызметкер науқастың қалауы бойынша басқа медициналық қызметкерден кеңес алуына келергі болмауы керек.

- Медициналық қызметкер пациентті басқа маманға тапсыра отырып, тек мына жағдайларда ғана онымен жұмыс жасаудан бас тартуы мүмкін:

- Егер өзінің біліктілігіне сенімсіз болса, керекті көмек түрін көрсетуде қажетті технологиялық жабдықтары болмаса;
- Егер дәрігер пациентпен терапиялық ынтымақтастық құра алатын жағдайда болмаса.

- Медициналық қызметкердің науқаспен қарым-қатынасы барысында өзін жарнамалауына жол берілмейді.



ҚММУ  
Медициналық  
орталығы

01-нұсқа

- Медициналық қызметкер емдеу кезінде жіберген қателіктері мен күтпеген қиындықтардың дамуы жайлы науқасты, басшылықты хабардар етуі керек және де тез арада қолайсыз салдарының туындауын болдырмау үшін шаралар қолдануы қажет.

- Медициналық қызметкердің кәсіби міндеті тек қана өзінің тегімен ғана жүзеге асырылады.

#### V. Медициналық қызметкерлердің әріптестігі

- Медициналық қызметкер өмір бойына өзіне мамандықты үйреткен адамға құрметпен қарап, алғыс білдіріп жүруге міндетті.
- Медициналық қызметкер медициналық ортаның игі дәстүрлері мен абыройын қорғауға міндетті. Медициналық қызметкерлер бір-бірлеріне құрметпен қарауға және жақсы қарым-қатынаста болуға міндетті.
- Медициналық қызметкер көпшіліктің алдында басқа медициналық қызметкерлердің кәсіби біліктіліктеріне күмән келтіруге немесе қандай да бір басқа жолмен оның беделін түсіруге құқысы жоқ.
- Қиын клиникалық жағдайларда тәжірибелі медициналық қызметкерлер кеңес беруге және тәжірибесі аз әріптестеріне сыпайы түрде көмек көрсетуге міндетті. Бірақ емдеу барысында барлық жауапкершілікті тек емдеуші дәрігер көтереді, ол науқастың жағдайын бақылауға ала отырып, әріптестерінің кеңесін қабылдауға немесе олардан бас тартуға құқылы.
- Дәрігерлер - денсаулық сақтау мекемелерінің басшылары өз қарамағындағы медициналық қызметкерлерге қамқор болуға және олардың кәсіби біліктіліктерін арттыруға міндетті.
- Медициналық қызметкерлер бір-бірлеріне құрметпен қарауға және өздерінен төменгі сатыдағы әріптестерінің біліктіліктерінің артуын қамтамасыз етуге міндетті.
- Медициналық қызметкерлер үйреніп жатқан жас мамандарға өздерінің тәртіптерімен және міндеттерін дұрыс орындауымен, өз жұмыстарына тиянақтылығымен лайықты үлгі көрсете білуі керек.



## VI. Дәрігерлік құпия

- Әрбір наукастың жеке құпиясының сақталуына құқығы бар және дәрігер, сондай-ақ, басқа да тұлғалар қатысатын медициналық көмек көрсетуде наукастың дәрігерге қаралуы құпия болып есептеледі, дәрігерлік құпия тіпті наукастың өлімінен соң да сақталуға міндетті.
- Наукастың қаралуы мен емделуі бойынша алынған барлық мәліметтер құпия сақталады.
- Наука туралы медициналық құпия ашылуы мүмкін:
  - -наукастың өзінің анық білдірген жазбаша келісімінің болуы;
  - прокуратура, сот, тергеу органдарының мотивациялық талабы бойынша;
  - егер құпияның сақталуы пациенттің немесе басқа тұлғалардың денсаулығы мен өміріне елеулі түрде қауіп төндірсе (қауіпті жұқпалы аурулар кезінде);
  - емдеу ісіне қосылған басқа дәрігерлерге ақпарат беру қажет болған жағдайда;
- Дәрігер наукасты қараған басқа дәрігерлердің дәрігерлік құпияны сақтауын қадағалауы керек.
- Наукастың барлық құпиясын білетін дәрігерлер құпияны сақтауға міндетті.
- Ғылыми зерттеу үрдісінде, студенттерді оқыту және дәрігерлердің біліктілігін арттыру кезінде дәрігерлік құпия сақталу керек. Наукасты тек оның рұқсатымен қарау керек.

VI. Этикалық кодекстің әрекет ету шегі, оны қайта қарау тәртібі және оны бұзғандық үшін жауапкершілік.

- Дәрігердің алғашқы төрешісі - ар-ожданы. Екінші – дәрігерлік қауымдастықтың атынан тәртіп бұзушыға жарғысына және өзге де құжаттарға сәйкес жаза қолдануға құқылы медициналық қауымдастық.



ҚММУ  
Медициналық  
орталығы

01-нұсқа

- Егер этикалық нормаларды бұзу Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне қатысты болса, медицина қызметкері заң алдында жауапқа тартылады.
- Қызметкер ұжымда оның тәртібі көпшіліктік талқылауға түсетіндігін түсінуі керек.
- Этикалық қызметті түсіндіру және қарау. Этикалық кодексті қайта қарау және түсіндіру құқығы және оның ережелері этикалық комиссияға тиесілі. Кодексті қайта қарау тәртібі комиссияның шешімімен айқындалады. Кодексті қайта қарау комиссияның шешімімен РГП ПХВ «Қарағанды мемлекеттік медицина университеті».
- Нақты жағдайларда Кодекстің кейбір ережелерін әр түрлі түсінуге болады. Осындай жағдайда комиссия өзінің шешімін этикалық комитетте немесе конференцияда талқылайды. Талқылау Этикалық кодекске толықтыру ретінде бекітілгеннен кейін ғана ғана қабылданады.

### Қорытынды

- Осы кодекстің барлық медициналық қызметкерлер үшін міндетті күші бар.
- Кәсіби этиканың бұзылуы үшін жауапкершілік деңгейі этикалық комитетпен анықталады.

### Дереккөздер:

- 1 Қазақстан Республикасының 05.07.2006 жылғы Азаматтық Кодексі.
- 3 Қазақстан Республикасының 18.09.2009 жылғы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі.
- 4 Қазақстан Республикасы Президентінің 06.02.2008 жылғы Қаулысы «Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты».
- 5 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлердің Ар кодексі» (мемлекеттік қызметкерлердің қызметік этикасының ережесі).
6. Дәрігерлік этиканың Халықаралық кодексі, Хельсинки.